

**«8D05108 – Геоботаника» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған
Ермекамбетова Мөлдір Мақатқызы**

**«Қазақстандағы *Juniperus seravschanica* Ком. сирек түрі популяцияларының генетикалық алуантүрлілігі мен қазіргі жағдайын
зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сыйзу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Ғылымның даму бағыттарына сәйкес.</p> <p>Диссертациялық жұмыс ҚР ФЖБМ ғаржыландыруымен АР09259027 «Қазақстанда өсетін <i>Juniperus</i> L. туысы түрлерінің генетикалық алуантүрлілігін зерттеу» (2021-2023 ж.ж.) және АР05131621 «Қазақстанның жабайы флорасының молекулярлық-генетикалық және ботаникалық құжаттамасының ақпараттық жүйесі» (2018-2020 ж.ж.) жобалары аясында орындалған.</p> <p>«8D05108 – Геоботаника»-білім беру бағдарламасына сәйкес</p>
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу нәтижелері <i>Juniperus seravschanica</i> Ком. популяцияларының қазіргі жағдайын құрылымдық, морфоанатомиялық, фитохимиялық, молекулалық-генетикалық түрғыда бағалауға мүмкіндік береді, <i>Juniperus</i> туысының молекулалық таксономиясын зерттеуге үлкен үлес қосады. Жаңа буынды секвенирлеу технологиясын қолдана отырып

			жүргізілген хлоропласт геномдарын зерттеу нәтижелері өсімдіктерді молекулалық деңгейде анықтау және туыстық деңгейдегі филогенетикалық қатынастарды бағалау үшін маңызды дереккөз болып саналады.
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) <u>жоғары</u>;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>Жұмыстың авторы зерттеу тақырыбы бойынша әдеби деректерді жинап, жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сай теориялық және тәжірибелік зерттеулердің жүзеге асырған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың жазу деңгейі – жоғары</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <p>1) <u>негізделген</u>;</p> <p>2) ішінара негізделген;</p> <p>3) негізделмеген.</p> <p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <p>1) айқындайды;</p> <p>2) ішінара айқындайды;</p> <p>3) айқындаамайды.</p>	<p>Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес климаттың жаһандық өзгеруі және табиғи экожүйелерге антропогендік әсердің артуы аясында соңғы онжылдықта биоалуантурлілікті сақтау мен өсімдіктердің генетикалық әртүрлілігін зерттеу өзекті мәселеге айналды. Орталық Азияның, соның ішінде Қазақстанның таулы аймактарында кездесетін арша (<i>Juniperus L.</i>) туысының түрлері ландшафттар мен экожүйелердің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Еліміздің әртүрлі өңірлеріндегі эндемді, сирек және жойылып бара жатқан түрлерді популяциялық деңгейде зерттеу және қорғау қазіргі күннің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Осыған байланысты зерттеу жұмысының өзектілігі күмән туғызбайды</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбына сәйкес Қызыл кітапқа енген сирек кездесетін <i>Juniperus seravschanica</i> Ком. түрінің популяцияларының құрылымдық, морфологиялық және анатомиялық</p>

		<p>ерекшеліктері, өсімдік қауымдастырының флоралық құрамы, фитохимиялық құрамы, хлоропласт геномдарының нуклеотидтік тізбегін пайдалану негізінде филогенетикалық талдауы, генетикалық алуантүрлілігі мен құрылымы кешенді турде зерттелген</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді;</u></p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Жұмыстың мақсаты. Қызыл кітапқа енген, сирек кездесетін <i>Juniperus seravschanica</i> Ком. популяцияларының қазіргі жағдайын ботаникалық және молекулалық-генетикалық әдістер негізінде кешенді зерттеу.</p> <p>Жұмыстың мақсатына жету үшін алдына қойылған мынадай зерттеу міндеттері жүзеге асырылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Отандық және шетелдік гербаријумақтарындағы <i>Juniperus</i> туысы түрлерінің гербаријум материалдарын талдау және <i>J. seravschanica</i> популяцияларының өсімдік материалдарын жинау; 2. <i>J. seravschanica</i> популяцияларының құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау; 3. <i>J. seravschanica</i> популяциялары өсімдіктерінің морфологиялық және анатомиялық ерекшеліктерін анықтау; 4. <i>J. seravschanica</i> сирек түрінің қатысуымен өсімдіктер қауымдастырының флоралық құрамын зерттеу; 5. Қазақстандық арша туысы түрлерінің жапырақтары мен бүржидектерінің фитохимиялық құрамын анықтау; 6. ДНҚ-баркодтау технологиясын және хлоропласт геномдарының нуклеотидтік тізбегін пайдалану негізінде арша түрлеріне

			<p>филогенетикалық талдау;</p> <p>7. Микросателлиттік ДНҚ-маркерлерінің көмегімен <i>J. seravschanica</i> популяцияларының генетикалық алуантүрлілігі дәрежесі мен құрылымын анықтау</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>толық байланысқан;</u></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен тұжырымдары өзара үйлесімді және толық логикалық байланысқан</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар мен әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар мен әдістер) бұрыннан белгілі тәсілдермен салыстырмалы түрде бағаланып, сынни талдауға негізделген</p>
5.	Фылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Фылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p><i>J. seravschanica</i> түрінің табиғи популяцияларына алғаш рет ботаника, фитохимия және ДНҚ-технологиялары, жаңа буын секвенирлеу (NGS) әдістерін пайдалана отырып, кешенді зерттеулер жүргізілген. <i>J. seravschanica</i> қатысатын өсімдік қауымдастықтарының флоралық құрамы, популяцияларының саны мен тығыздығы, морфологиялық ерекшеліктері, жапырақтарының анатомиялық құрылымы сипатталған. Арша түрлерінің бүржидектері мен жапырақтарының фитохимиялық құрамы анықталған Алғаш рет хлоропласт</p>

			геномдарының нуклеотидтік тізбегі мен ядролық геномдық маркер (ITS) арқылы қазақстандық арша түрлерінің филогенетикасы және жоғары полиморфты микросателлиттік ДНҚ-маркерлерін қолдану арқылы Орталық Азиядан жиналған <i>J. seravschanica</i> табиғи популяцияларының генетикалық алуантурлілік дәрежесі мен құрылымы салыстырмалы талданған
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертацияның қорытындылары зерттеу жұмысының міндеттеріне сәйкес нәтижелері негізінде алынған. Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа
		1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық, немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа болып келеді. Фитохимиялық зерттеулер АҚШ-тың Монтана мемлекеттік университетінің микробиология және жасуша биологиясы кафедрасы базасында және Түркіядағы Анадолу университетінің фармацевтика факультетінің фармакогнозия кафедрасының ұжымының бірлескен жұмыс нәтижесінде жүргізілген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар терең ғылыми талдауға және зерттеу нәтижелеріне негізделген. Әрбір қорытынды ботаникалық, фитохимиялық, молекулалық-генетикалық және статистикалық әдістерді қолдана отырып алынған. Жұмыста ұсынылған 28 кесте, 31 сурет, <i>J. seravschanica</i> түрінің 2 гербарий парақтары Ботаника және фитоинтродукция институтының (АА) және <i>J. seravschanica</i> мен <i>J. sibirica</i> түрлерінің гербарий парақтары әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

			<p>Биоалуантурлік және биоресурстар кафедрасының гербарий қорына тапсыру актісі, Арша туысы түрлерінің толық хлоропластиқ геном тізбегі тіркеу нәмірлерімен Ұлттық биотехнология ақпарат орталығының (NCBI) халықаралық деректер базасына және генетикалық паспорттары kazflora.kz деректер базасына енгізілуі зерттеудің сенімділігі мен дұрыстығын қамтамасыз етеді. Бұл қорытындылар зерттеу нысанының барлық аспектілерін жан-жақты қамтып, оның мәнін толық түсінуге мүмкіндік береді.</p>
7.	Көрғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иа</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иа</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p>	<p>7.1 Ереже дәлелденді;</p> <p>7.2 Тривиалды – жоқ;</p> <p>7.3 Жаңа ма – ия;</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі – кең;</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген – ия</p>

		<p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кен</u></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану денгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>и亞</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Қолданылған әдістерді таңдау ғылыми түрде негізделген және зерттеуде әдіснама айқын әрі нақты көрсетілген.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) <u>и亞</u> ;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістері мен деректерді өндөу және талдау тәсілдерін, сондай-ақ компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған
		1) <u>и亞</u> ;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар тәжірибелік зерттеулер арқылы расталып, дәлелденген.
		1) <u>и亞</u> ;	
		2) жоқ.	

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер көзінде заманғы отандық және шетелдік жоғары рейтингті журналдарда жарияланған мақалаларға және сенімді ғылыми әдебиеттерге негізделген
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер саны 273, әдеби шолуға жеткілікті
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жок.	Зерттеу нәтижелері Орта Азия аймағында негізгі орман түзуші түрлерді сақтау және қорғауға арналған нақты стратегияларды әзірлеу үшін тиімді ұсыныстар ретінде пайдаланылуы мүмкін
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иля</u> ; 2) жок.	Жұмыстың практикалық маңызы бар, зерттеу нәтижелері биоалуантурлілікті сақтау және білім беру салаларында маңызды рөл атқарады, биоалуантурлілікті қорғауға және экологиялық зерттеулерге маңызды үлес қосады. Қазақстан флорасының қорғау және дамыту міндеттерін жүзеге асыру үшін маңызды.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар – толығымен жаңа
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы – жоғары
11.	Диссертацияга ескертулер		Диссертациялық жұмыстың мақсатына сай міндеттері толығымен орындалған, маңызды ескертулер жоқ. Алайда грамматикалық қателер кездеседі (51, 71, 74, 150 б.), бұл ғылыми жұмыстың құндылығына нұқсан келтірмейді

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысының нәтижелері 13 ғылыми еңбекте жарияланған, оның ішінде: 5 мақала Web of Science және Scopus мәліметтер базасына кіретін рецензияланатын халықаралық журналдарда, 2 мақала КР ФЖБМ Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған республикалық ғылыми журналдарда, және 6 тезис Қазақстан мен шет елдерде өткен халықаралық ғылыми конференциялардың материалдар жинақтарында жарық көрген
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D05108 – Геоботаника» білім беру бағдарламасы бойынша ұсынылған «Қазақстандағы Juniperus seravschanica Kom. сирек түрі популяцияның генетикалық алуантурлілігі мен қазіргі жағдайын зерттеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының авторы Ермағамбетова Мәлдір Мақатқызына Философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп есептеймін

Ресми рецензент:

«Ш.Уәлиханов атындағы Қекшетау университеті» КеАҚ,
Биология және оқыту әдістемесі кафедрасының менгерушісі,
биология ғылымдарының кандидаты, доцент



Ш. Н. Дурмекбаева

«Ш.Уәлиханов атындағы Қекшетау
университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы
ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН
КАДРЛАР БӨЛІМІ *Дүрменбаева*